Қызылорда облысы бойынша Ішкі
мемлекеттік аудит департаменті басшысына

“Конструктив LTD” ЖШС Шиелі аудандық мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі ұйымдастыруымен өткізілген №5973798-1 «Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі Тұрсынбай датқа елді мекеніне жаттығу алаңын орнату жұмыстары» ашық конкурсына қатысуға Өтінім ұсынған болатын. Аталған конкурстың қорытынды хаттамасы бойынша конкурсқа қатысуға 2 қатысушы жіберілген және жеңімпаз деп «АЛИ СК» ЖШС танылған.

Алайда «АЛИ СК» ЖШС-нің конкурсқа қатысуға өтінімін зерттей келе төмендегідей кемшіліктерді анықтадық:

Конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын 1-3 қосымша - Әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптарында еңбек ресурстары бөлігінде қатысушыда болуы тиіс жұмысшылар – 3 адам, "С" санатты жүргізушілер – 2 адам талап етілген. Алайда «АЛИ-СК» ЖШС-нің конкурстық өтінімінде "С" санатты жүргізушілер 1 ғана адам ұсынған. Яғни «АЛИ-СК» ЖШС-нің өтінімі біліктілік талаптарының еңбек ресурстары бөлігіне сәйкес келмеуіне байланысты есепке алынбауы тиіс.

Және де «АЯН» ЖК-інің өтінімі бойынша:

ҚР «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 14 сәуірдегі №194-V Заңының 65-бабының 1-тармағына сәйкес Көлік құралы, егер ол:

1) Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бар жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі болса;

2) Қазақстан Республикасында тіркелмесе;

3) Қазақстан Республикасына уақытша әкелінсе, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы халықаралық жол жүрісінде деп есептеледі.

Және ҚР «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі №446 Заңының 5-бабының 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағына уақытша енген (әкелінген) көлік құралы иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі міндетті сақтандырылуға жатады.

Яғни Ресей Федерациясының азаматына тіркелген көлік құралы Қазақстан Республикасының азаматы, «АЯН» ЖК егесі Жылқайдаров Бақберген Романқұлұлына азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру арқылы басқаруға ұсына алады. Бұл өз ретінде «АЯН» ЖК егесі Жылқайдаров Бақберген Романқұлұлы ұсынылған 2834DE 5 тоннаға дейінгі бортты автокөлігін Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру

полисі бойынша басқаруға құқылы екендігін айқындайды. Яғни «АЯН» ЖК-нің өтінімі материалдық ресурстар бөлігінде біліктілік талаптарына сай деп танылуы тиіс.

Осыған орай Сізден:

1) «АЛИ-СК» ЖШС-нің өтінімін біліктілік талаптарына сай емес деп танылуына
2) «АЯН» ЖК-нің өтінімі біліктілік талаптарына сай деп танылып конкурсқа қатысуға жіберілуіне ықпал етуіңізді сұраймыз.

«Конструктив LTD» ЖШС директоры **Ә.Шынғысбаева**